

Abstract. The process of social responsibility formation in agricultural enterprises, interests and characteristics of social partners, issues of corporate social responsibility at agricultural enterprises of Kazakhstan have been considered. Two categories of corporate social responsibility have been analyzed: mandatory social benefits and a voluntary program of corporate social responsibility. The ethical code and principles of behavior of large corporations that determine the rules of doing business have been explored. According to the World Bank experts, there is a scheme of State intervention that can be characterized by seven steps in the development of the institution of corporate social responsibility: supporting business and participation of civil society in key initiatives, providing advice and information by the civil service, creating favorable environment, developing a regulatory framework for reporting and business valuation.

Ключевые слова: сельскохозяйственные предприятия, корпоративная социальная ответственность, социальные и бизнес-партнеры, социально ориентированное государство, агробизнес, нормативная база.

Key words: agricultural enterprises, corporate social responsibility, social and business partners, socially oriented State, agribusiness, regulatory framework.

Әлеуметтік саясатта үш жақты құбылыс мемлекет - бизнес - азаматтық қоғам жасау үшін: Қазақстанда әлеуметтік және еңбек қатынастарының ең маңызды мәселелерін шешетін «Ұлттық үш жақты келісім» керек, ол мыналарды қамтуы керек: жаңа жұмыс орындарын құру,

Жалпы әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасу процесі қиын екенін ескере кету керек, өйткені әлеуметтік әріптестердің мүдделері бірдей емес. Әлеуметтік әріптестердің әрбірінің ерекшелігі Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру қосымша қиындықтар тудырады.

Мақалада пайдаланылған ақпараттар республикамызда сарапшылар жүргізген зерттеу нәтижелері болып табылады. КӨЖ принциптерін кеңінен енгізуде кедергілер ретінде зерттеудің бірнеше әдістері қарастырылды. Олар: сұрау, бақылау, интервью және анкета. КӨЖ-ді мемлекеттік реттеу деңгейінде кәсіпорындардың көзқарасы бойынша, түрлі деңгейлерде кедергілер бар [1].

Сонымен қатар корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік отандық тәжірибеде әлі де толық зерттелмеген нысан болғандықтан, көптеген ақпараттар жария ететін ұйымдардың сайтынан алынды. Олардың ішінде ең ірісі: Еуропалық іскерлік этика ұйымы, бизнестің тұрақты дамуының кеңесі, этикалық корпорация, әлемдік бизнес академия, Біріккен Корольдігіндегі

Іскерлік этика, Ноттингем университетінің (Ұлыбритания) Корпоративті әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі халықаралық орталығы, т.б. [2].

Бұл үрдіс, сондай-ақ бизнесті жүргізудің қазақстандық практикасында да көрініс таба бастады. Енді, көптеген компаниялар, қайырымдылықпен айналысуға, әлеуметтік инвестицияларды тартуға, әлеуметтік есептерді жариялауға, шығармашылық ұжымдар, конкурстар мен әлеуметтік жобаларға демеушілік ете бастады.

Нәтижелері және оларды талқылау.

Ол отандық бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі өсіп жатқандығының белгісі. Әрине, кәсіпкерлік класс қоғам мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін өзінің оң әсерін тигізеді және қоғамда корпоративтік азаматтығы моделін іске асырудың негізі ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік әріптестік тетігінің тиімді жұмыс істеуі оның субъектілерінің әрбірі әлеуметтік және еңбек қатынастарын жалпы реттеуіндегі өзінің әлеуметтік жауапкершілігінің үлесін түсінгенде ғана орын алады (1 сурет). Бұл тұрғыда әлеуметтік консенсусқа қол жеткізуге бағытталған олардың өзара экономикалық мүдделері негізінде әлеуметтік әріптестік жүйесіндегі әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу үшін серіктестермен, еңбек заңнамасын, қоғамның этикалық нормаларын, саналы қажеттілігі ретінде анықталуы мүмкін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға болады.

Ауыл шаруашылығында корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің екі санатын бөліп көрсетуге болады: міндетті әлеуметтік төлемдер және ерікті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасы.



1 сурет – Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуы

Ірі компаниялармен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған шарттарда әлеуметтік дамуға олардың капиталдық шығындарының белгілі бір пайызын төлеуге міндеттеме бар деп көрсетілген. Әдетте, бұл қаражаттың қандай жерге жұмсалатынын анықтау үшін, тау-кен компаниясының өкілдері мен жергілікті биліктен тұратын үйлестіру кеңесі құрылады. Осы қаражаттың есебінен қаржыландырылатын жобалар түрлі негізгі іс-шаралар қолдау, сондай-ақ құрылыс және (мектептер, ауруханалар, медицина-

лық және мектеп жабдықтарын сатып алу, оның ішінде) әлеуметтік инфрақұрылымды қалпына келтіру құнын қамтиды.

Сонымен қатар, ең ірі компаниялар ерікті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасын ұйымдастырады. Осы жағдайларда, компаниялар жобаларды іске асыру бойынша бақылауда болғандықтан, олар ұзақ мерзімді және тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге тырысады, мысалы, шағын және орта бизнесті қолдай немесе әйелдерді қолдау бағдарламаларын жүзеге асыра отырып.

Сол немесе өзге дәрежеде міндетті және ерікті бастамалар компанияның негізгі қызметімен байланысты: басқалары тәуекел-азайту шаралары ретінде пайдаланылады немесе нақты бизнес мақсаттарына қол жеткізу үшін, ал кейбір жобалар, тек қана сыртқы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Қазақстан Республикасында корпоративтік азаматтық енді дамып келе жатқан институт, білім, инновация және коммуникация экономикасының маңызды құрамдас бөлігі және ақпараттық қоғам пайда болған жағдайында орын алуын жалғастыратын даму сипатында түбегейлі өзгерістер болып жатыр және бола береді. Бұл тез өзгеріп жатқан ақпараттық қоғамда шындығында жетістікке жету үшін, нарықтарға жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтерді жеткізу ғана емес, сонымен қатар кең жалпы бағалау және оның мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынас құру қажет.

Кейбір компаниялар тұтынушылардың этикалық талаптарына белсенді жауап беруге үйренді. Олар өндіріс және тұтыну жауапкершілігі кеңінен ортаға қатысты, дамыған елдерде қабылданған ұғымдарға сай өнімдер мен қызметтерді ұсынады.

Ағымдағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің компоненті компания шеңберінде «сау» қоршаған ортаны қорғау болып табылады және ең үздік қызметкерлерін шоғырландыру қабілеті, яғни еңбектің этикалық мотивациясын кәсіби орындау мен материалдық марапаттамалардың ажырағысыз бөлігі деп санайтын қызметкерлер. Бәрімізге белгілі, барлық ірі корпорациялардың өзіндік мінез-құлықтың этикалық кодексі бар. мінез-құлық кодекстері негізінде бизнестің мінез-құлық ережелерін анықтайтын жалпы этикалық принциптер бар [3]. Солардың ішіндегілері:

- компанияның мүдделерін және оның акционерлеріне қамқорлық пен сенім қағидасы;
- өз мүлкіне сыйластық қағидасы;
- өз міндеттемелеріне қатысты сенімділік қағидасы;
- бизнес жүргізудегі ашықтық қағидасы;
- корпоративтік қызмет саласындағы барлықтарының қадір-қасиетін құрметтеу принципі;
- адал бәсекелестік пен кемсітушіліктің барлық нысандарынан бас тарту принципі;
- компанияның әлеуметтік жауапкершіліктен хабардарлығы және оның дамуына үлес қосқаны, құқыққа құрметпен,

билік органдарымен ынтымақтастықта болу принципі;

– қоғамдық мүддені қорғаушы ретінде мемлекеттің рөлін және юрисдикциясын мойындай отырып, мемлекеттің мұқтажы үшін корпоративтік мүдделер саласындағы, қаржыгерлер тараптардың өзара іс-қимыл принципі.

Бұл жалпы принциптерді әмбебап корпоративтік мінез-құлық кодексін құрастыру кезінде басшылыққа алынуы тиіс.

Әлеуметтік есеп қоғамды тиімді басқаруды ұйымдастыру үшін үлкен мүдделі тараптар мен қоғам арасындағы «кері байланысты» қолдау үшін байланыс тетігі ретінде қарастырылады. Есептерде «миссиясының», компаниялар қоғамға жеткізгісі келетін қызметі мен әлеуметтік бастамалары принциптері туралы оң ақпарат берілуі тиіс.

Бұқаралық ақпараттық құралдарға сүйенсек, көптеген компаниялар корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік сферасындағы қызметін белсенді түрде жүзеге асыруда. Осы орайда ауыл шаруашылығы саласында белсенді қызмет атқарып жүрген компаниялар жыл сайын ауқымды сомада қаражат бөліп, қызметкерлері үшін де, қала тұрғындары үшін де әлеуметтік дамуына жағдай жасап, соның нәтижесінде құрылыс нарығында өз имиджін қалыптастырып отыр. Көріп отырғанымыздай, еңбекті қорғау мен денсаулық сақтауға, қызметкерлерді оқытуға, спортты дамытып, жас мамандарды тартуға, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек беруге, қызметкерлерге сыйақы мен материалдық көмек үшін жыл сайын бөлінетін қаражат артып отыр. Бұл көрсеткіштердің артуын келесі диаграммадан анық көруімізге болады (2 сурет).


Қазақстанда көптеген компаниялар корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың келесі кедергілеріне тап болып отыр:

- кәсіпорындарда қаржының болмауы;
- КӨЖ туралы кәсіпорындардың және қоғамның хабардар болмауы;
- кәсіпорын басшыларының КӨЖ-ді іске асырғысы келмеуі;
- қоғамда, үкіметте, бизнес КӨЖ туралы хабардарлықтың төмендігі;
- заңнамалық деңгейде қолдаудың болмауы;
- салықтық ынталандыру шараларының болмауы;
- бөлінген қаражаттың пайдалану ашықтығы мен тиімділігінің болмауы;
- өңірлерді дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді жоспардың болмауы;
- компаниялар, билік пен халық арасындағы бастамалардың шашырыңқылығы;

Аграрная политика: механизм реализации

- КӨЖ мониторингі жөніндегі есептіліктің болмауы;
- мемлекеттік органдардың бюрократиялығы;
- сыбайлас жемқорлық;
- бизнестің әлеуметтік жауапкершілікке формальды қарауы;
- мемлекеттік органдардың құзыреті;

- бизнес пен қоғамдастықтың өзара іс-қимылының болмауы;
- БАҚ КӨЖ туралы бизнеске тегін дәл ақпаратты қамтамасыз етпейді;
- қоғамның енжарлығы;
- бизнес пен азаматтық сектор арасындағы сенімсіздік.



2 сурет – Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында корпоративті әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерін салыстыру

Кәсіпорындарда корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы мемлекеттің ролін қарастырған жөн. Қазіргі таңда барлық дамыған мемлекеттерде әлеуметтік жауапкершілік жоғарғы мемлекеттік деңгейде қарастырылады. Сонымен бірге, үкіметтердің көп бөлігі корпоративті әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде өз стратегиялары мен оларды жүзеге асырудың қадамдарын жасап шығаруда. Халықаралық тәжірибе корпоративті әлеуметтік жауапкершілік институтын дамытуда мемлекеттің ролін бағалау қиын екенін көрсетті. Қазақстанда бұл бағыт енді дамып келе жатыр, сондықтан осы саладағы мемлекеттік реттеу процестерінің ең жақсы тәжірибелері еліміз үшін пайдалы болатын еді. Ең алдымен мемлекеттік реттеуде қалыптасқан тәжірибелерге байланысты корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің аталып өткендей әр түрлі модельдері бар [қараңыз 1].

Мемлекет барлық қазақстандық компаниялардың әлеуметтік жауапты болуына барлық жағдай жасау керек. Азаматтық сектор бастамашылық жасап, жаңалықтар және жаңа ақпараттарға қызығып, біліп отыруы

керек. Ал жұмыс берушілер корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорынға енгізу бизнесті жүргізудің қағидаларымен өте тығыз байланысты екенін түсінуі керек.

Мемлекет әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенді араласуы үшін бизнесті ынталандыруы керек (бизнеске жағымды жағдайлар жасау, ағарту және ақпараттық шаралар жүргізу және т.б.).

Бірінші кезекте елде корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамыту үшін мотивацияны арттыру қажет, бұл ішкі де, сыртқы да әлеуметтік жауапкершілікке қатысты. Ол үшін республикадағы Салық және Еңбек кодексінің шарттарын жасау және өзгерту керек, КӨЖ принциптері туралы хабардарлықты арттыру қажет. Қазіргі уақытта компаниялар халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, қайырымдылық іс-шараларды, қоршаған ортаны қорғау және басқа да сыртқы КӨЖ бағыттарын ұйымдастырады, бірақ мемлекет тарапынан қандай да бір қолдау алмағандықтан, сыртқы мотивация толықтай жоқ десе де болады.

Еңбек қауіпсіздігін, әлеуметтік маңызды жалақы қолдауды, қызметкерлердің

Бірінші қадам – КӨЖ-дің маңыздылығын үкіметтің мойындауы мен бизнесті соған сендіру, яғни мемлекет мемлекет пен бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін КӨЖ артықшылықтарын мойындауы керек және КӨЖ концепциясын енгізіп отырған компанияларға оң қарым-қаты-

Төртінші қадам – жеке елдердің ережелер туралы ақпар мен халықаралық ережелер туралы мәліметтер жасау. Яғни тұрақты даму шеңберінде компания қызметін бағалауға болатын құжат форматын дайындауды қамтиды. Мемлекет ерікті есептер үшін бағыттарды анықтауға, компания қызметін жүргізудің халықаралық бағалауына қатысады. Осылайша мемле-

Тұжырымдар. Осылайша, КӘЖ сала-сында мемлекеттік саясаттың қажеттілігі анық. КӘЖ институты бейресми және еріктілік жағдайында ғана тиімді жұмыс істейтінін есте сақтау маңызды. «Міндетті» әлеуметтік жауапкершілік пен әлеуметтік есептілікті жүргізу бұл құбылыстың мәніне қайшы келеді. Егер бұл сала мемлекетпен реттелетін болса, билікте компанияларға қысым көрсетудің тағы бір құралы пайда болады. Конструктивті диалогты тараптардың вертикалды жағдайында жүргізу мүмкін емес екені айдан анық. Мұндай жағдайда КӘЖ артықшылықтары жоққа шығады. Сол уақытта, мемлекет КӘЖ-ді қазақстандық әскерлік тәжірибеге енгізу процесін белсенді қолдауы және әр түрлі мадақтау шараларын енгізуі керек. Бұдан бөлек, мемлекеттің әлеуметтік қызметтер сапасын арттыру мақсатында КӘЖ функцияларын ішінара орындау үшін мемлекеттік қаржыландыру арқылы коммерциялық емес ұйымдарға артуы мүмкін [5].

